

Қазақтың қай өңірі де қасиетті, киелі. Аңызакта шөлдеп, тілім құрғады демей, текті бабаларымыз құт-мекен санаған құмы да күдіретті, әрбір тасында бір тамаша жылылық бар, туған өлкенің иісі балдай, жусаны қандай?! Содан да шығар, халқымыздың туған жерден артық жұмақ, елден артық тұрақ жоқ деп, кіндігін сол даланың бір тал жусанына байлап, дөңгеленген дүниенің қай түкпірінде жүрсе де туған топырағына айналып соға беретіні. Сондай аяулы да қасиетті өлке - кіндік қанымыз тамған, бүгінде жанарған, жайнаған Жаңаарқа! Сексен жылдан астам тарихы бар осы ауданнан шығып, егемен еліміздің болашағы үшін терін төгіп, еңбек етіп жүрген азаматтарымыз баршылық.

Арғы жағын айтсақ Сайдалы Сары Тоқаның, қобызшы Ықыластың жері, кезінде еліміздің егемендігін аңсап, бабалар дәстүрін берік ұстап, сол үшін өмірлерін қиған жерлестеріміз, мемлекет және қоғам қайраткерлері Сәкен Сейфуллин, Жанайдар Сәдуақасов, Бәкен Серікбаев, Шәбден Ералиевтерді дүниеге әкелген қасиетті Жаңаарқаның тарихта алатын орны өте ерекше.

*Атыңнан айналайын, ағаларым,
Сағынсам іздеп барар паналарым.
Бауырыңа ізіндегі қарап жүр деп,
Қалдырған өздеріңді бабаларым,* - деп ақындар жыр еткендей, бабаларымыздың игілікті дәстүрлерін жалғастырып, егемен елімізде еңбекте, білімде, өнерде, ғылымда, спортта өз үлестерін аямай қосқан, ертерек өмірден озған алдағы буын ағаларымызды тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы аясында еске алу жөн секілді.

Соңғы шамалы жылдардың ішінде Жаңаарқа ауданын өздерінің есімдерімен төрткүл дүниеге танытқан бірнеше аяулы ағаларымыз бен бауырларымыз өмірден кенеттен өтіп, көптің қабырғасын қайыстырып кетті. Тіршіліктегі ерен еңбегі жұртшылықтың есінде қалған, Жаңаарқаның экономикасы мен мәдениетінің, білімінің дамуына өз үлестерін қосқан «Женіс» АҚ-ның президенті болған, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Нұрғали Кенжетәев, Социалистік Еңбек Ері, екі мәрте Ленин орденінің иегері Ыдырыс Жұмабеков, кезіндегі білгір басшы, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, «Жаңаарқа ауданының құрметті азаматы» Қоңырбай Асанов ағаларымыз ертерек фәни жалғанмен қоштасып, бакилық дүниені тұрақ етті.

Жаңаарқа ән өнерінің бәйтерегі, дәстүрлі әнші Игілік Омаров, ұлағатты ұстаз Түркен Кенжеғұлов, облыстық бірнеше ән байқауларының жеңімпазы, әнші Сембі (Қарақойшы) Мұхамедин, сүйікті ағамыз Қайрат Байбосыновтың дарынды шәкірттерінің бірі, жас әнші, «Серпер» тобының жетекшісі Биғазы Тұтқабековтер сұм ажалдың құрығынан құтыла алмады.

Нарықтың қыспағына қысылмай, дұрыс жолын тауып табысқа кенелген жеке кәсіпкер Шәкір Зәрубайұлы да көз жұмды.

Тәуелсіз еліміздің медицина ғылымының дамуына өзінің сүбелі үлесін қосқан, өз заманының озық, біртуар, ойшыл, қайталанбас тұлғаларының бірі, бірі емес-ау бірегейі, медицина ғылымдарының докторы, академик Ғабдолла Құлқыбаев ағамыз еді. Қайырымсыз ажал ол кісіні де мезгілсіз құшағына алды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, химия ғылымдарының докторы, профессор Болат Қасенов ағамыз:

*«Ғабеке, ерте кеттің, асылаға,
Тұрушы ең жұрттан бөлек, жеке дара.
Түскенде еске әркез жарқын бейінен,
Жүректі шалғандай бір жеке нала,* - деп жазғандай, жастайынан өмірге, өнерге, ғылымға ғашық болған Ғабекен халқымыздың мақтанышы, елінің сүйіктісіне айналды, тіршілігінде барша қазаққа үлгі бола білді. Кең пейілді, үлкенкішіге ілтипатты, мейірім-шуағы мол, достарға деген ықыласы ерекше ағамыз жастарға тәлім-тәрбие беріп, қаншама ғалымдарды тәрбиеледі. Ғабекенмен кездесе қалғанымда мені жас баладай маңдайымнан иіскеп, «Кең Төкебайдан аумай қалғансың. Жасымызда сенің палуан екеніңн иығында Ғазиз бауырымыз екеуіміз отырып өскенбіз. Содан болар, Ғазиз бауырым атақты палуан болды, мен де құр алақан емеспін» - деуші еді. Шындығында ертеде «Жиделі» колхозында (қазіргі Ералиев селосы) Әбдікожа әкеміз торағалық еткен жылдары біздер қоржын үйде тұрған екенбіз. Сол жылдары мен өмірге келіп, содан кейін бір жылдан кейін Ғабекеннің кенже інісі Қазбек дүниеге келіп, бір бесікке бөленген екенбіз.

Ынтымағы жарасқан сол бір қызықты да қиындығы көп болған жылдар туралы құрметті демалыстағы Зейнегүл апамыз сағынышпен еске алып, айтып отырады. Біздің Ғабекендей, өмірде өшпестей із қалдырған ағамызбен осындай жақындығымыз болған еді.

Тағдырдың жазуына не шара! Өмірден біреудің ерте, біреудің кеш өтіп жатқанының куәгері болып жүрміз. Орны толмас осындай өкініштің бірі - талантты да, мінезі де ерекше жаратылған, кемел ойлап, кесімді пікір айтатын, ұлт мақтанышы, асыл тұлға, белгілі жазушы, әдебиет зерттеушісі, сазгер, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы Акселеу Сланұлы Сейдімбек ағамыздың кенеттен өмірден озуы болды.

1989 жылдың наурыз айында Жаңаарқа ауданының сол кездегі партия комитетінің бірінші хатшысы Секен Әбішевтің тапсырмасы бойынша Жаңаарқа ауданының 60 жылдық торқалы тойын жаз айында өткізу мәселелері бойынша Алматыға бардым. Ертеңінде Назымбек Мұхамеджанұлы Боқаев ағамыз екеуіміз танертеңгілік Құрманғазы атындағы консерваторияның сол кездегі ректоры, жерлес ағамыз Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновте болып, түстен кейін Жазушылар одағының ғимаратында отырған Акселеу ағаның кабинетіне келдік. Әңгіме барысында ауданымыздың дүбірлі тойын өткізу жайлы барлық жоспарларымызды Ақаңа баяндап, шақырылатын қонақтардың тізімін бекіттік. Арада өткен 4-5 сағаттың ішінде Ақаң ашық тұрған терезеден Алатауға қарап отырып Жаңаарқаның, оның халқының басқа жерден ерекшелігін айта келіп, өз еліне, аулына деген сүйіспеншілігінің шексіз екендігін айтып, тебіренгендігінің куәсі болдым.

Республика жұртшылығы ардақ тұтатын ағамыз өзі қадірлеген алтын ұя, арайлы Жаңаарқа төріндегі «Қарауылтөбеге» келіп мәңгілікке орын алды...

Сонымен қатар таяу арада Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, танымал ақын, «Жа-

ңаарқа» аудандық газетінің бұрынғы редакторы, елі сыйлаған Қалиақпар Көшекұлы Әбділдин жездеміз де бакилық болды. Кең пейілді, мейірімі мол Қалақаммен бірге қызметтес болған жылдар ешқашан да ұмытылмайды. Соңғы жылдары осындай асылдарынан айрылған ауданымыздың тұрғындарының бүгінгі күні иіні түсіп тұрғандай көрінеді маған.

Ғылым - білім - мәдениет және спорт арқашанда егіз. Қасиетті Жаңаарқа елімізге талантты спортшы, палуандарымен танымал екендігі баршаға аян. Осы аз уақыт ішінде тәуелсіз еліміздің мақтанышы болған төрт палуанымыз өмірден қас-қағым сәтте кенеттен өмірден өтіп, қош айтыстық. Өткен 2010 жылдың соңғы айларында Самбо күресінен қазақ жастарының арасынан шыққан тұңғыш КСРО спорт шебері, белгілі палуан, КСРО кәсіптік-техникалық білім беру саласының үздігі, Жаңаарқада ұлттық ат спортының «Сайыс» атты жаңа түрін өмірге келтіріп, оқу құралын жазып, насихаттаушы Дүйсенбай Бөкенаев пен сүйікті апамыз, ардақты ана Көкетайы Ғайни Әбілдақызы жол апатынан қайтыс болды.

Арада бірнеше күннен кейін Ш.Ералиев селосының тумасы, біртуар азамат, ұлағатты ұстаз, еркін күрестен Жаңаарқа ауданынан шыққан тұңғыш КСРО спорт шебері, бірнеше мәрте КСРО және Қазақстан чемпионы болған Танау (Жаскыкүн) Нығызбаев та 70-тен жаңа асқан шағында дүниеден өтті.

Ағайын-туыстарына, бауырларына пана, сая бола білген Дүйсекең мен Танау нағашымыздың достығын ерте кезден білетінімін. 1971 жылдың қыркүйек айының соңғы күндері Түгіскен селосының орта мектебінің 10-сыныбында оқып жүргенмін. Сыныптас досым, марқұм Қоразбай Кемалов келіп, кешке физика пәнінің мұғалімі Танау Нығызбаевтың үйіне келген қонақтарды қарсы алуға баратындығымызды айтты. Кешке жақын Танау мұғалімнің үйіне келсек, кеш қонағы өзіміз сырттай естіп жүрген «Самбо» күресінен спорт шебері, ол кезде №178 Жаңаарқа кәсіптік-техникалық училищесі филиалының директоры Дүйсенбай Бөкенаев ағамыз екен. Сол түні Дүйсекеңмен бірге әйгілі әнші-ұстазым Игілік Омаров, менің ағам Болат Рамазанов, Мәрлен Асқаров, ұстазымыз Жаксытай Әлиев, Наурызбай Жалмахановтар болды. Қонақтың құрметіне түнімен ән айтылып, дастархан жайылды. Игілік ұстазымыздың сондағы шырқаған әсем әні, әдемі майда үні әлі құлағымнан кетпейді.

Ертеңінде Түгіскен орта мектебінде №178 кәсіптік-техникалық училищесінің филиалы ашылып, онда оқушылардан «Тракторист-машинист» мамандығын дайындайтындығын хабарлады. Біз сол курсқа жазылып, мектеп бітіргенде «Тракторист-машинист» куәлігін Д.Бөкенаев ағамыздың қолынан алдық.

Одан кейін мен 1983 жылы Жаңаарқа аудандық партия комитетіне қызметке келгеннен бастап Дүйсекең мен Ғайни апайымыздың отбасымен тікелей араластық. Үлкендері Ардақ тұрмысқа шыққанда, ұлдары Азат пен Әділет үйленгенде тойларын бірге өткіздік. Ғайнекеннің кіші інісі Кенжеғалимен Қарағанды мемлекеттік университетінде бірге оқыдық. Үлкен бауыры Шәһизада Әбділдин ағамызбен бен Рая жөңгеміздің үйіне жұбайым Гүлнәрды алғашқы рет келін етіп түсірдім. Дүйсекең мен тәтеміз біздің барлық қуанышымыздың басы-қасында болды.

Ғайни тәтеміздің туған ағасы, «Ғасыр адамы», профессор, физика-математика ғылымдарының докторы Темірғай Көкетаев Қарағанды мемлекеттік университетінде оқыған көптеген жанаа-

рқалық жастарға ұстаз, тірек болды. Марқұм Рахима жөңгеміз әрқашанда дастарханын жайып қарсы алып, ақылын айтып, құрмет жасайтын. Биылғы жылдың басында ерте өмірден кеткен Бактығали бауырымыз көз алдымызда еркелеп өскенеді...

Ал Танау Нығызбаев ағамыз маған мектепте физика пәнінен сабақ берді. Тәкең өз пәнін өте жақсы меңгерген білімді ұстаз, ортасына өте сыйлы жан еді. Тәкенді Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген 60-жылдардың орта кезінде Саран қаласындағы педагогикалық училищеге жіберген екен. Бірақта ауылға барып, ауылдың білімін, спортын көтеруді мақсат тұтқан Тәкең Саранға бармай, Түгіскеннен бір-ақ шығыпты. Ол жайында ағамыз ерекше бір толғаныспен айтатын. Кезінде еркін күрестен Қазақстан Ұлттық құрамасында Аманжол Бұғыбаев, Жәкен Тәтиевтермен бірге жүрсен Танау ағамыз институттан соң ауыл спортын дамытуға ат салысты. Соның нәтижесі болар, өзі директорлық қызметте болған Түгіскен, Ералиев селолық округтерінде Тәкеннің соңынан топты жарып, лек-легімен палуандар Құрал Әбділдин, марқұм Марал Шубаев, Ділдәш Рахымтаев, Балташ Тапанов, Қалкен Әбенов, Мұрат Майауы-

зовтар шықты. Міне, мұның бәрі ұстаз еңбегі екені сөзсіз.

Өзінің саналы ғұмырында Бакытжандай асыл жөңгемізбен отау құрып, ұрпақ өсіріп, немерелер сүйді.

*Тағдыр шіркін неге сонша тым қатты,
Тіршілік жоқ мәңгі бақи тұрақты.
Өмірден өтіп Тәкең, Ғайни, Дүйсекең,
Бәрімізді еріксізден жылатты.*

*Жастайынан еңбекпенен тел өскен,
Бағы жанып, маңдайынан жел ескен.
Дер кезінде таң қалдырып Одақты
Ағалардың даңқы шыққан күреспен.*

*Ұстаздықты таңдап алды қос палуан,
Бар білегін аямаған жастардан.
Ұзақ жылдан еңбек етіп халқына,
Үлес қосты нарыққа да жаңадан.*

*Көкіректе жазылмастай арман бар...
Аман болсын артындағы балалар.
Дүниеден өтті ағып жұлдыздай
Ғайни тәте, Дүйсекең, Тәкең тарландар.*

*Халық келді қоштасуға жиылып,
Ыстық жасын төгіп көзден, күйініп.
Бір алланың шапағаты түсін деп,
Мен де жүрмін рухтарына бас иіп.*

Осы жылы ғана өмірден озған ағаларымыздың ішінде Әбдіхәмет Ижанұлы Қалжановтың есімі мен үшін бір төбе. «Әбдеш» деп халқы құрмет тұтқан Әбекен алыс-жақын шет елге есімі танылған спорт ардагері еді. Самбо күресінен Өзбекстанның, Қырғызстанның чемпионы, КСРО чемпионатының жүлдегері, КСРО спорт шебері, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, «Кәсіптік білім беру ісінің үздігі», өмірінің соңғы күндеріне дейін Жаңаарқа балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директорлығы қызметін атқарды.

Менің Әбекенмен етене таныстығым 1983-1984 жылдары қазіргі Астана, бұрынғы Целиноград қаласында басталды. Сол жылдардағы аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы Серікбай Исатайұлы Жәркешов екеуіміз Целиноград ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне сырттай оқуға түстік. Орта мектепте бір сыныпта оқып, Қарағанды мемлекеттік университетінде бір факультетте білім алған Секен екеуіміздің тағы да бір қалада сырттай оқуымыз жақсы бір кезең болды. Секен мен Әбекен бір ауылдан, жерлес, өте сыйлас аға мен іні еді. Әбекенді маған етене таныстырған Серікбай досым болды. Сол кезде Әбекеннің аталған институттың зоотехникалық факультетінде сырттай соңғы курсында, ал Серік Оспановтың архитектура институтында оқып жүрген кезі болатын. Біздер бір мезгілде Целиноградта сессияда кездесіп қалдық.

Бір күні Әбекен Серік Оспанов екеуімізді сол кездегі ауылшаруашылық институтының деканы, досы М.Әбеуовтің үйіне қонаққа алып барды. Әнші Серік Оспанов бауырымыз екеуіміз түннің бір мезгіліне дейін кезектесіп ән салдық. Сонда Әбекен мархабаттанып, «менің інілерімнің әні мәңгілік шарықтайды» деген еді. Соның шапағаты тиген болар, Серік «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атанды.

Әбекен сегіз қырлы, бір сырлы абзал жан еді. Аңшылығын ел білетін, дос, ағайын-туысқа деген адал ниеті, ақ пейілі үнемі жарқын болатын. Жөңгеміз өмірден ерте кетіп, өкініш бойлап жүргенде өзі де мезгілсіз ол дүниелік болып кетті.

Өмір - мәңгілік ұйқының алдындағы аз ғана серуен дегендей, алдамшы мына бір өмірді өз дәрежесінде маңызды өткізгенге не жетсін?! Осыны білсе де, түсінбейтін адамдар қаншама? Әрине, өкінішсіз өмір болмайды. Оған да көнесің. Аталған асыл ағалар аман болса әлі де бірқатар игілікті істер атқаратын еді. Аман не, бәрі бір алланың қолында, дегенмен өкініш ізі өшпейді екен...

... Олар ағайында бесеу еді. Сайран әке мен Райхандай ананың бауырынан өрбіген осы ұлдардың алғашқы үшеуі - Қанат, Талғат, Жанат Байшолоаковтар кешегі КСРО-дай алып империяда самбоның өз алдарына бір шоғыр жұлдыздары атанды. Күреске кейінірек түскен Жасұлан мен Жандос та ағаларының артынан самбо күресінен спорт шеберлері атанды. Өлім - қапыл, ажал - болжаусыз. Дей тұрсақ та өмір соқпағын енді ғана сомдап, Қазақстан спортын дүниежүзіне танытып жүрген, самбо күресінен екі дүркін әлем чемпионы, Еуропа чемпионы, дзю-до күресінен Қазақстан Ұлттық құрама командасының аға жаттықтырушысы Қанат Сайранұлы Байшолоаков ердің жасы елуге жетпей бакилық болды.

Ер көңіл Қанат бауырыммен 1982 жылдың күзіне қарай таныстым. Бұрынғы К.Маркс атындағы совхоздың комсомол комитетінің хатшысы қызметінде жүргенмін. Бір күні аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Батырхан Жанатов телефон шалып, ауылымызға самбодан қазақ жастары арасынан шыққан тұңғыш әлем чемпионы, жерлесіміз Қанат Байшолоаковты алып келетіндігін айтты. Онда Қанаттың Жамбыл мелиоративтік институтында оқып жүрген кезі еді. Қуанышымызда шек болмады.

Ертеңіне Қанат бауырымыз бастаған қонақтарды жолдан тосып алып, ән-жырмен қарсы алып, Толағай және Көнек тауларының биігіне шығардық. Кешке қарай Аралтөбе елді мекеніндегі Қанаттың жездесі, мал дәрігері Жаманқара Қоңыров пен апасы Раушанның үйіне апардық. Бұл сапарында Қанат Сайранұлы мен Батырхан Жанатов біздің ауылда екі күнге жуық болды. Уақыттың аздығына қарамай ауыл жастарының әлем чемпионы Қанатпен кездесуін өткізіп, артынан салтанатпен шығарып салдық. Міне, сол сәттен бастап біздің ағалық-інілік қимас достығымыз басталды.

Өмірден өтерден екі айдай бұрын Қанат бауырыммен Қазыбай Тәттімбеков үшеуіміз Қарағанды қаласында кездесіп, бірге дем алдық, біраз сырластық, ән айттық. Сонда Қанат жоғарыдағы Ералиев ауылында болған кездерін қайта-қайта еске түсіріп, алла жазса биылғы жылы жазда сол Толағай, Көнек тауларының басына шығып, бір демалыс жасап, Ілия Жаканов ағамыздың Толағай әнін шырқап қайтсақ деген өтінішін білдірген еді. Өмірден ерте кеткен жездесі Жаманқара мен төтесі Раушанды да еске алып, мұнайған сәті есімде... Қанаттың ол ұсынысын қабыл алып, жаз айында бір кездесуді жоспарлаған едік. Бірақта тойымсыз ажал оған жеткізбей, асыл азамат, ардақты жан, ауылы әке Қанат Сайранұлын арамыздан бір-ақ күнде алып кетті. Амал қанша, «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы екен. Қайғыдан қабырғамыз қайыса отырып, ініміздің аққан жұлдыздай қысқа ғұмырында атқарған істерін әрі қарай балалары мен бауырлары жалғастырсын деп ниетімізді білдірдік. Ең бастысы, Қанат бауырымыз артында сонарлы із, өшпес өнеге қалдырды, қаншама ізбасар талантты спортшылар дайындап шығарды.

Осы қазаның алдында ғана ағайынды Байшолоаковтарды күреске тартып, жоғары биіктерге көтерілуіне дем берген белгілі күрес бапкері, қазақ халқының мақтанышы, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Диканбай Дүржанұлы Биткөзов ағамыз да Марал жөңгемізбен мәңгілікке қоштасқан еді. Осындай қиыншылық сәттер басына түскен Диканбай ағаға денсаулық тілей келе, қимастарыңыздың жаны жәннатта болсын дейміз.

Қанат інім, жатқан жерің жарық, топырағың торқа болып, пейіште нұрың шалқысын дей отыра:

*Ардақтайтын маған Қанат бауыр ең,
Жаратылдың тумысыңда көңілің кең.
Ажал арсыз алып кетті-ау тым ерте,
Мәңгілік боп жүрегімде қалдың сен,* - деген жыр жолдарын арнайымын.

Сайып келгенде, өмірден өткендерді еске алу, оларға құрмет жасап, тағзым ету тірілердің міндеті деп есептеймін. Бұл макаланы қолға алғандағы негізгі мақсат - мезгілсіз өмірден өткен, алдымыздағы ақыл беретін асыл ағаларымыз бен артымыздан жарық жұлдыздай жайнап шығып, қапияда өшкен, жоғарыда аталған азаматарымыздың аруағына тағзым етіп, еске алу болды. Ақын Көкімбек Салықов ағамыз:

*«Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы,
Біреу ерте, біреу кеш бір құлайды»,* - деп жырлағандай, баки дүниелі болған ардақгыларымыздың қабірлері нұрға толып, имандары өздеріне серік болсын демекпіз. Елге келсек, қуанышка келуге жазсын, ағайын!

Есенғали ТӨКЕБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі